

«Бекітемін»
Мектеп директоры: Д.Елғондина



«Келісемін»
Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:  Л.Шүтенова

*2021 - 2022 оқу жылында
6 – сыныппен жүргізілетін
Тәрбие жұмысының
Жоспары*

Сынып жетекшісі: Елемесова Мөлдір Айдарқызы

Түсінік Хат

Көсембай негізгі мектебінің тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу – тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілінде құралды. Тәрбие жұмыстар барлық ынталы тараптар : отбасы, білім беру ұйымдары , қоғамның кең ауқымда кешенді түрде жүзеге асырылады.

Тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсанындағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы басшылыққа алынып жасалды. 2020-2021 оқу жылында еліміздің жалпы білім беретін мектептерінде «Құндылықтарға негізделген білім беру» бағдарламасын жүзеге асыру арқылы оқытудың құндылықты-бағдарлық тәсілі енгізіледі. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Ақтөбе облыстық білім басқармасының № 252 бұйрығы негізінде және Ойыл аудандық білім дене шынықтыру және спорт бөлімінің № 23/7 ережесі негізіндегі «Рухани жаңғыру» бағдарламасы.

«Мәңгілік Ел» патриоттық актісі 2016 ж 26 сәуір. Бұл бағдарлама білім алушылардың бойында жалпыадамзаттық, ұлттық және отбасылық құндылықтарды дамытуға, олардың рухани-адамгершілік дамуын қамтамасыз етуге, экологиялық мәдениетін, салауатты және қауіпсіз өмір салтын қалыптастыруға бағытталған.

Тәрбие жүйесінде басшылыққа алынатын құжаттар

1. Тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсанындағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы басшылыққа алынып жасалды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығы негізінде ,

II. Мақсаты:

Сыныпта өзара құрмет, бір – біріне деген сыйластық пен ынтымақтастық қасиеттері арқылы оқушылардың өзін – өзі басқаруын, әлеуметтік жобаларға деген қызығушылығын, көшбасшылық дағдыларын арттыру; Ұлттық өнерді құрметтейтін, насихаттай алатын тұлға тәрбиелеу.

III. Міндеттері:

- өзінің, өзгелердің, адамгершілік құндылықтарын танып білуге қызығушылықтарын арттыру;
- сыйластыққа, кішіпейілдікке, ізгілікке, қарапайымдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.
- оқушылардың не нәрсеге бейімділігін анықтап, оларды ынтымағы жарасқан, белсенді, саналы ұжымға жұмылдыру;
- өзін – өзі басқару жүйесін жетілдіре отырып, дарынды, өнерлі оқушылардың қатарын көбейту, көшбасшылықты дамыту;

Күтілетін нәтиже:

- Тәрбиелі де өнегелі, парасатты да салмақты, рухани ішкі дүниесі бай ұлттық жетістіктерді тез қабылдайтын жеке тұлға тәрбиеленеді. Өз күшіне сенімділігі, өзіне деген қабілеттілігі, шығармашылық мүмкіндіктеріне деген сенімі қалыптасады.

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процесінің өзегі бола отыра, тәрбие жұмысының барлық бағыттары арқылы өтеді.

1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие
2. Рухани-адамгершілік тәрбие
3. Ұлттық тәрбие
4. Отбасы тәрбиесі
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Тәрбиенің мақсаттары мен тәрбие жұмысының міндеттері білім беру процесінде, сабақтан тыс және бос уақытта іске асырылады.

Тәрбие жұмысын іске асыру тиімділігінің өлшеуіші ретінде тұлғаның қоршаған әлемге, қандай да бір құндылықтарға және қоғамдық құбылыстарға қарым-қатынастардан байқалатын критерийлер ұсынылды.

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ 8 БАҒЫТЫ

1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие

Мақсаты: жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру

2. Рухани-адамгершілік тәрбие

Мақсаты: тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпы адамзаттық құндылықтары-мен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру.

3. Ұлттық тәрбие

Мақсаты: тұлғаның жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностармен этикалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.

4. Отбасы тәрбиесі

Мақсаты: ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық педагогикалық құзіреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру.

5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Мақсаты: тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту.

6. Көпмәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие

Мақсаты: әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңестік құру.

7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі

Мақсаты: білім беру кеңістігін тұлғаның өзін-өзі сәйкестендіруінің көпмәдениетті ортасы ретінде құру, тұлғаның қоғамдағы жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, оның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.

8. Дене тәрбиесі және салауатты өмір салтын қалыптастыру

Мақсаты: салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдылары, оған зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңестік орнату

Тәрбие бағыттары бойынша ұйымдастырылатын жұмыстар

Қыркүйек айы

№	Р/с	Тәрбие үрдісі	Тақырыбы	Формасы	Мерзімі	Қосымша
1	1	А)Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие	«Тәуелсіздік жетістіктері»	Ашық сынып сағаты	01.09.2021ж	
2	2	Отбасылық тәрбие	«Отбасы – аялы алақан мекені»	Бейне жазба байқауы / фотосурет, слайд/	06.09	
3	3	Дене тәрбиесі және салауатты өмір салты	«Денсаулығы ғаламның – денсаулығы адамның»	сұхбаттасу	13.09.	
4	4	Ұлттық тәрбие	«Тіл - өнер менгере біл, ойынды әсем көмкере біл»	Мәнерлеп оқу сайысы	20.09.	
5	5	Рухани адамгершілік тәрбиесі	«Ашуыңызды тежей білесіз бе?»	психологпен кездесу	27.09	

Қазан айы

№	Р/с	Тәрбие бағыты	Тақырыбы	Формасы	Мерзімі	
6	1	Рухани-адамгершілік тәрбие	«Кел, балалар оқылық! » Ы.Алтынсаринның туылғанына 180жыл	Шығармашылық жұмыс	04.10	
7	2	Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие	«Достық біздің тірегіміз» 18-қазан Рухани келсім күні	Пікірлесу	11.10	
8	3	Отбасы тәрбиесі	«Ата – анамның жұмыс орнындағы 1 күнім»	НЗМ тәжірибесі, видео, бейнеролик	18.10	
9	4	Ұлттық тәрбие	« Менің Отаным - Қазақстан»	Экскурсия жұмысы	25.10	

Қараша айы

№	Р/с	Тәрбие бағыты	Тақырыбы	Формасы	Мерзімі	
10	1	Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие	«Тарихын білген қор болмас» Ж.Жабаевтың туылғанына 175жыл	Тарихи мәліметтер Топтық жұмыс	08.11	
11	2	Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	«Гүлдене бер, Қазақстан» Семей ядролық полигонының жабылғанына 30жыл	Дөңгелек үстел	15.11	
12	3	Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі	«Күпі киген қазақтың қара өлеңін, Шекпен жауып өзіне қайтарамын» М.Мақатаевтың туылғанына 90жыл	Сынып арасындағы көркем сөз шебері сайысы	22.11	
13	4	Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие	«Қазақстанды мекендейтін басқа ұлттардың салт-дәстүрі мен өнері туралы не білеміз?» Халықтар достығы	Топтық жоба, Театрланған көріністер	29.11	

Желтоқсан айы

№	Р/е	Тәрбие бағыты	Тақырыбы	Формасы	Мерзімі	
14	1	Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты	Дені саудың жаны сау	Кеңес беру медиктермен	06.12	
15	2	Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, азаматтық-құқықтық тәрбие	«Айналага кара» Ауыл өмірі, қала өмірі	Әлеуметтік – тарихи тәжірибе	13.12	
16	3	Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі	« Интернеттің пайдасы мен зияны»	Дебат	20.12	
17	4	Рухани-адамгершілік тәрбие	« Құқықтық сана – Қауымға пана»	Кеңес беру, Доңгелек үстел	27.12	

Қаңтар айы

	Р/с	Тәрбие бағыты	Тақырыбы	Формасы	Мерзімі	
		Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі	«Қауіпсіздік ережесін сақтайық!»	Киберқауіпсіздік Кибермәдениет, Кибергигиена	10.01.2022ж	
18	1	Отбасы тәрбиесі	« Мектептегі 1 күнім»	Бейне байқау	17.01	
19	2	Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты	«Ұлттық ойын, Ұлттық мұра»	Тоғызқұмалақ жарысы	24.01	
20	3	Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	«Мен – кәсіптер әлемінде»	Бейне Блогерлер	31.01	

Ақпан айы

№	Р/с	Тәрбие бағыты	Тақырыбы	Формасы	Мерзімі	
21	1	Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	«Жарнама жасау өнерім»	Рөлдік ойындар	07.02	
22	2	Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие	«Әдепті адам – әдемі адам» Балалар арасындағы Бейәлеуметтік құбылыс-дың алдын алу	Кенес беру Психолог-қ тренинг	14.02	
23	3	Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі	«Көшбасшы болуға ұмтыламыз»	Тренинг психолог	21.02	
24	4	Ұлттық тәрбие	«Алғыс айту – парызым »	Танымдық сабақ	28.02	

Наурыз айы

№	Р/с	Тәрбие бағыты	Тақырыбы	Формасы	Мерзімі	
25	1	Отбасы тәрбиесі	«Отбасым – бақыт мекенім»	Отбасылық фото суреттер байқауы	07.03	
26	2	Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты	«Қазақтың ұлттық ойындары»	Сайыс сабақ	14.03	
27	3	Ұлттық тәрбие	«Сән мен сымбат» дұрыс киіне білеміз бе?	пікірлесу		

Сәуір айы

№	Р/с	Тәрбие бағыты	Тақырыбы	Формасы	Мерзімі	
28	1	Дене тәрбиесі салауатты өмір салты	«Ғасыр індетінен сақтанайық!»	Ақпарат беру Медбикелермен кездесу	04.04	
29	2	Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие	«Біле жүр, көңіліңе түрте жүр»	Танымдық сағат	11.04	
30	3	Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	«Біз табиғатты қорғаймыз»	Экосағат Экобұйымдар жасау	18.04	
31	4	Рухани-адамгершілік тәрбие	«Шығыстың ғұлама ғалымы – Әл Фарабидің адамгершілік туралы даналық сөздері »	Зерттеу сабағы	25.04	

Мамыр айы

№	Р/с	Тәрбие бағыты	Тақырыбы	Формасы	Мерзімі	
32	1	Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие	«Ерлікке тағзым!»	Ерлік сабағы	02.05	
33	2	Отбасылық тәрбие	« Бақытты жанұя – бақытты ел»	Дөңгелек үстел	10.05	
34	3	Рухани-адамгершілік тәрбие	«Мейірімді болса жүрек – орындар тілек»	Тренинг	16.05	